



Apple корпорациясының Құпиялық саясаты

Apple Құпиялық саясатында Apple корпорациясының жеке деректерді қалай жинайтыны, пайдаланатыны және бөлісетіні сипатталады.

2024 жылдың 31 наурызында жаңартылған



Осы Құпиялық саясатына қоса, жеке деректеріңізді қажет ететін өнімдерімізге және кейбір функцияларға енгізілген деректер мен құпиялық туралы ақпаратты ұсынамыз. Бұл өнімге қатысты ақпарат «Деректер және құпиялық» белгішемізбен көрсетіледі.

Сізге бұл функцияларды пайдаланар алдында осы өнімге қатысты ақпаратты қарап шығу мүмкіндігі беріледі. Сондай-ақ бұл ақпаратты кез келген уақытта аталған функцияларға қатысты Параметрлер бетінен және/немесе интернетте apple.com/legal/privacy веб-бетінен қарай аласыз.

Сәл кідіріп, төмендегі тақырыпшаларда берілген құпиялық шараларымызбен танысып шығыңыз да, [бізге хабарласыңыз](#).

[Apple Денсаулық зерттеу қолданбаларына қатысты Құпиялық саясаты](#)

[Apple корпорациясында жеке деректер нені білдіреді?](#)
[Apple корпорациясындағы құпиялық құқықтарыңыз](#)
[Apple корпорациясы сізден жинайтын жеке деректер](#)
[Apple басқа көздерден алатын жеке деректер](#)
[Apple корпорациясының жеке деректерді пайдалануы](#)
[Apple корпорациясының жеке деректерді бөлісуі](#)
[Apple корпорациясындағы жеке деректерді қорғау](#)
[Балалар мен жеке деректер](#)
[Cookie файлдары және басқа технологиялар](#)
[Жеке деректерді елдер арасында тасымалдау](#)
[Біздің жалпы компания бойынша құпиялықты сақтау жөніндегі міндеттемеміз](#)
[Құпиялық бойынша сұрақтар](#)

Apple корпорациясында жеке деректер нені білдіреді?

Apple корпорациясында біз негізгі құпиялық құқықтарына сенеміз және сол негізгі құқықтар әлемнің барлық жерінде бірдей болуы керек деп есептейміз. **Сондықтан біз анықталған немесе анықталатын адамға қатысты немесе Apple тарапынан олармен байланыстырылған немесе байланыстырылатын барлық деректерге адамның тұратын жеріне қарамастан «жеке деректер» деп қараймыз.** Бұл — аты-жөніңіз сияқты сіздің жеке басыңызды тікелей анықтайтын деректер жеке деректер екенін, сондай-ақ құрылғыңыздың сериялық нөмірі сияқты сіздің жеке басыңызды тікелей анықтамаса да, сіздің жеке басыңызды анықтау үшін пайдаланылуы мүмкін деректер де жеке деректер екенін білдіреді. Жиналған деректер осы Құпиялық саясатының мақсаттары үшін жеке емес деректер деп қарастырылады.

Бұл Құпиялық саясатында [Apple немесе Apple аффиляциялаған компания](#) (жапы "Apple") сізбен өзара жұмыс істегенде немесе Apple қолданбаларында (мысалы, Apple Music не Wallet) немесе көзбе-көз (телефон арқылы немесе Apple Store дүкеніне келгенде) жеке деректерді қалай пайдаланатыны туралы баяндалады. Сондай-ақ Apple қызметтерімізде үшінші тараптарға сілтеме беруі немесе үшінші тарап қолданбаларын App Store дүкенінде жүктеп алуға мүмкіндік беруі мүмкін. Apple корпорациясының Құпиялық саясаты үшінші тараптардың жеке деректерді анықтау жолдарына немесе олардың оны пайдалану жолдарына қолданылмайды. Олармен әрекеттеспестен бұрын олардың құпиялық саясаттарын оқып шығуға және өзіңіздің құпиялық құқықтарыңызды білуіңізге кеңес береміз.

Apple корпорациясындағы құпиялық құқықтарыңыз

Apple корпорациясында жеке деректеріңіздің өңделуін білу, көру, түзету, тасымалдау, шектеу және жеке деректеріңізді жою мүмкіндігіңізге құрметпен қараймыз. Біз бұл құқықтарды жаһандық клиенттер базамызға бердік және осы құпиялық құқықтарыңызды жүзеге асыруға шешім қабылдасаңыз, сіз Apple корпорациясының кемсітушілікке жол бермеуін немесе төмен дәрежеде қызмет көрсетпеуін талап етуге құқылы боласыз. Жеке деректеріңізді Apple өңдеуіне келісім беруіңіз сұралған жағдайда, келісіміңізді кез келген уақытта қайтарып алуға құқығыңыз бар.

Үшінші тараптық қызмет провайдері Apple атынан әрекет етсе, Құпиялық құқықтарын және таңдауларын жүзеге асыру үшін Apple Деректер және құпиялық беттеріне: [Apple үшін privacy.apple.com](#) немесе Shazam үшін [shazam.com/privacy](#) бетіне өтіңіз. Жеке деректеріңіздің

қауіпсіздігін қорғауға көмектесу үшін аккаунтыңызға кіруіңіз керек, сонда сіздің жеке басыңыз тексеріледі. Егер әзірге privacy.apple.com бетінде қолжетімді емес жеке деректеріңіздің көшірмесін алғыңыз келсе, apple.com/legal/privacy/contact бетінде сұрай аласыз. Сондай-ақ тиісті реттеуші органға шағымдануға құқығыңыз бар.

Сұрауыңызды орындай алмайтын жағдайлар болуы мүмкін, мысалы, бізден транзакция деректеріңізді жоюды сұрасаңыз, Apple заңға сай әрекет ету үшін сол транзакция жазбасын сақтауға міндетті болады. Сондай-ақ алаяқтыққа қарсы және қауіпсіздік мақсаттары үшін деректерді заңды пайдалануымызды бұзатын жағдайда, мысалы, қауіпсіздік мәселелеріне қатысты зерттеліп жатқан аккаунтты жоюды сұраған кезіңізде сұрауды қанағаттандырмауымыз мүмкін. Құпиялық туралы сұрауыңыз қабылданбауының басқа ықтимал себептері: оның басқалардың құпиялығына қауіп төндіруі, немқұрайлы қарауы немесе жәбірлеуі немесе іске асыруға қиын немесе негізсіз болуы.

Егер сіз Калифорнияда тұрсаңыз және Apple корпорациясының «Деректер және құпиялық» бетіне кіре алмасаңыз, сіз немесе сіздің өкілетті агентіңіз apple.com/legal/privacy/contact бетінде немесе 1-800-275-2273 нөміріне қоңырау шалу арқылы сұрау жасауыңызға болады.

Құқықтарыңызды іске асыру туралы толығырақ ақпарат алу үшін support.apple.com/102283 бетіне кіріңіз.

Apple корпорациясы сізден жинайтын жеке деректер

Apple корпорациясында біз керемет өнімдер мен жоғары құпиялыққа қол жеткізетініңізге сенімдіміз. Бұл біздің **тек қажет жеке деректерді жинауды көздейтінімізді білдіреді**. Apple жинайтын жеке деректер сіздің Apple корпорациясымен өзара әрекеттесу жолыңызға байланысты болады. Apple белгілі бір жекелеген қызметтер үшін жеке деректерді қалай пайдаланатыны apple.com/legal/privacy/data/kz бетінде сипатталған.

Сіз Apple ID идентификаторын жасау, коммерциялық несиеге өтініш беру, өнімді немесе құрылғыны сатып алу және/немесе белсендіру, бағдарламалық жасақтама жаңартуын жүктеп алу, Apple Store дүкенінде класқа тіркелу, қызметтерімізге қосылу, бізге хабарласу (соның ішінде әлеуметтік желі арқылы), онлайн сауалнамаға қатысу әрекеттерін орындаған кезде немесе Apple корпорациясымен басқаша әрекеттескен кезіңізде, біз түрлі ақпаратты, соның ішінде келесідей деректерді жинауымыз мүмкін:

- **Аккаунт туралы ақпарат.** Apple ID идентификаторыңыз бен қатысты аккаунт деректеріңіз, соның ішінде электрондық пошта мекенжайыңыз, тіркелген құрылғыларыңыз, аккаунтыңыздың күйі және жасыңыз
- **Құрылғы туралы ақпарат.** Құрылғының сериялық нөмірі сияқты құрылғыңызды анықтауға болатын немесе браузер түрі сияқты құрылғыңыз туралы деректер
- **Байланыс ақпараты.** Аты-жөні, электрондық пошта мекенжайы, үйдің мекенжайы, телефон нөмірі немесе басқа байланыс ақпараты сияқты деректер
- **Төлем туралы ақпарат.** Банк деректемелері, несие, дебет сияқты немесе басқа төлем картасы туралы ақпарат сияқты шот жіберілетін мекенжайыңыз және төлем әдісі туралы деректер
- **Транзакция туралы ақпарат.** Apple өнімдері мен қызметтерін сатып алу немесе Apple ұйымдастырған транзакциялар, соның ішінде Apple платформаларында сатып алу туралы деректер
- **Алаяқтықтың алдын алу туралы ақпарат.** Алаяқтықты анықтауға және оның алдын алуға, соның ішінде құрылғы сенімділігін бағалауға көмектесу үшін пайдаланылатын деректер
- **Пайдалану туралы деректер.** Біздің қызметтеріміздің ішінде қолданбаны іске қосу сияқты біздің ұсыныстарымыздағы әрекетіңіз бен оларды пайдалануыңыз туралы деректер, соның ішінде шолу

тарихы; іздеу тарихы; өнімдегі өзара әрекеттесу; бұзылу туралы деректер, өнімділік туралы және басқа диагностикалық деректер; және пайдалану туралы басқа деректер

- **Орналасқан жер туралы ақпарат.** Тек Find My сияқты қызметтерді қолдау үшін немесе аймаққа тән қызметтерге келісім берген жағдайда, нақты орналасқан жер және жуықтап анықталған орналасқан жер
- **Денсаулық туралы ақпарат.** Жеке тұлғаның денсаулық жағдайына қатысты деректер, соның ішінде адамның физикалық немесе ақыл-ой денсаулығына немесе жағдайына қатысты деректер. Жеке денсаулық деректеріне шешімдер жасау немесе адамның денсаулық жағдайын анықтау үшін пайдалануға болатын деректері де кіреді. Егер Apple Денсаулық зерттеу қолданбасын пайдаланып, зерттеуге қатыссаңыз, жеке деректеріңіздің құпиялығына қолданылатын саясат [Apple Денсаулық зерттеу қолданбаларының Құпиялық саясаты](#) бөлімінде сипатталады.
- **Фитнес туралы ақпарат.** Өзіңіз бөлісуді таңдаған фитнес және жаттығу ақпаратыңызға қатысты мәліметтер
- **Қаржылық ақпарат.** Жиналған жағдайда жалақы, кіріс және активтер туралы ақпаратты және Apple брендті қаржылық ұсыныстарға қатысты ақпаратты қамтитын мәліметтер
- **Жеке куәлік деректері.** Кей юрисдикцияларда біз шектеулі жағдайларда мемлекет берген жеке куәлікті сұрауымыз мүмкін, соның ішінде сымсыз аккаунт орнату және құрылғыны белсендіру, коммерциялық несиені созу, тапсырыстарды басқару мақсаттарында немесе заңнама талап еткен кезде
- **Сіз бізге беретін басқа ақпарат.** Сіздің Apple корпорациясымен байланыстарыңыздың мазмұны, соның ішінде клиенттерді қолдау орталығымен өзара әрекеттестіктеріңіз және әлеуметтік желі арналары арқылы контактілер сияқты мәліметтер

Сізден біз сұраған жеке деректерді беруге міндетті емессіз. Дегенмен деректерді бермеуді таңдасаңыз, көптеген жағдайларда біз сізді өнімдерімізбен немесе қызметтерімізбен қамтамасыз ете алмауымыз немесе сізде болуы мүмкін сұрауларға жауап бере алмауымыз мүмкін.

Apple басқа көздерден алатын жеке деректер

Apple сіз туралы деректерді басқа **жеке тұлғалардан**, компаниялардан немесе сіздің нұсқауыңызбен **үшінші тараптардан**, өнімдеріміз бен қызметтерімізді ұсыну үшін бізбен бірге жұмыс істейтін және қауіпсіздікпен қамтамасыз етіп, алаяқтықтыққа жол бермеуге көмектесетін **серіктестерімізден** және басқа да заңды көздерден алуы мүмкін.

- **Жеке тұлғалар.** Apple сіз туралы деректерді басқа адамдардан жинауы мүмкін — мысалы, ол адам сізге өнім немесе сыйлық картасын жіберсе, сізді Apple қызметіне немесе форумына қатысуға шақырса немесе сізбен мазмұнды бөліссе.
- **Сіздің нұсқауыңызбен.** Басқа жеке тұлғалардың немесе үшінші тараптардың деректерді Apple корпорациясымен бөлісуіне нұсқау бере аласыз. Мысалы, сіз ұялы байланыс операторыңызға ұялы байланыс аккаунтыңыз туралы деректерді аккаунтты белсендіру үшін немесе бейілділік бағдарламасы үшін Apple алу ұпайларын жинай алуыңыз үшін қатысуыңыз туралы ақпаратты Apple корпорациясымен бөлісуге нұсқау бере аласыз.
- **Apple серіктестері.** Сондай-ақ біз сіз берген ақпаратты тексеруіміз мүмкін — мысалы, қауіпсіздік және алаяқтықтың алдын алу мақсаттарында үшінші тарапта Apple ID идентификаторын жасаған кезде.

Зерттеу және жасақтау мақсаттарында жеке басы анықталатын тұлғамен байланысты болуы мүмкін құрамында кескіндер, дауыстар немесе басқа деректер бар деректер жиындарын пайдалануымыз мүмкін. Осындай деректер жиындарын алған кезде, бұл әрекетті қолданыстағы заңға, соның ішінде деректер жиыны орналасқан юрисдикцияда қолданылатын заңға сәйкес орындаймыз. Осындай деректер жиындарын зерттеу және жасақтау үшін пайдаланған кезде, олардың ішінде көрсетілуі мүмкін тұлғалардың жеке басын қайта анықтауға әрекеттенбейміз.

Apple корпорациясының жеке деректерді пайдалануы

Apple жеке деректеріңізді біздің қызметтерімізді жетілдіру, транзакцияларыңызды өңдеу, сізбен байланысу, қауіпсіздік және алаяқтықтың алдын алу және заң талаптарын орындау үшін пайдаланады. Жеке деректерді сіздің келісіміңізбен басқа мақсаттар үшін де пайдалануымыз мүмкін.

Apple жеке деректеріңізді тек оны пайдалану үшін жарамды заңды негізіміз болған кезде пайдаланады. Жағдайға байланысты, Apple сіздің келісіміңізге немесе өңдеудің сізбен жасалған келісімшартты орындау, сіздің немесе басқа адамдардың маңызды мүдделерін орындау немесе заң талаптарын орындау үшін қажет екендігіне сүйенуі мүмкін. Сондай-ақ біз сіздің жеке деректеріңізді ол біздің немесе басқалардың заңды мүдделерімізге сай деп есептеген жағдайда сіздің мүдделеріңіз, құқықтарыңыз бен талап-тілектеріңізді ескере отырып өңдеуіміз мүмкін. Қосымша ақпарат жоғарыда сипатталғандай өнімдеріміз бен қызметтерімізге ендірілген өнімге тән ақпаратта беріледі. Егер құқықтық негізге қатысты сұрақтарыңыз болса, Деректерді қорғау қызметкеріне apple.com/legal/privacy/contact бетінде хабарласа аласыз.

- **Қызметтерімізді жетілдіру.** Apple компаниясы біздің қызметтерді жетілдіру үшін қажет жеке деректерді жинайды, оларға ұсыныстарымызды жақсарту үшін, аудит немесе деректерді талдау сияқты ішкі мақсаттар үшін немесе ақауларды жою үшін жиналған жеке деректер кіруі мүмкін. Мысалы, Apple Music жазылымы арқылы бір әнді пайдаланғыңыз келсе, сізге сұраған мазмұнды беру және роялти мақсаттары үшін ойнататын әндеріңіз туралы деректерді жинаймыз.
- **Транзакцияларыңызды өңдеу.** Транзакцияларды өңдеу үшін Apple аты-жөніңіз, сатып алу және төлем ақпараты сияқты деректерді жинауы керек.
- **Сізбен байланысу.** Хат-хабарларыңызға жауап беру, транзакцияларыңызға немесе аккаунтыңызға қатысты сізге хабарласу, өнімдеріміз бен қызметтерімізді сату, басқа маңызды ақпарат беру, не болмаса ақпарат немесе пікір сұрау үшін сізге хабарласамыз. Уақыт өте келе біз жеке деректерді сатып алу туралы хабарлама және шарттар, талаптар мен саясаттардың өзгеруі сияқты маңызды жаңалықтарды жіберу үшін пайдалануымыз мүмкін. Осы ақпарат Apple корпорациясымен әрекеттестігіңіз үшін маңызды болғандықтан, сіз мұндай маңызды ескертулерді алудан бас тарта алмайсыз.
- **Қауіпсіздік және алаяқтықтың алдын алу.** Жеке тұлғаларды, қызметкерлерді және Apple корпорациясын қорғау және шығынның алдын алу және алаяқтықтың алдын алу, соның ішінде біздің барлық пайдаланушымыздың мүддесі үшін жеке тұлғаларды, қызметкерлерді және Apple корпорациясын қорғау, әлеуетті заңсыз мазмұнның, соның ішінде баланы жыныстық қатынас үшін пайдалануға қатысты материалдың бар-жоқтығын тексеру үшін жүктеп салынған мазмұнды алдын ала көрсету немесе сканерлеу үшін.
- **Дербестендіру үшін пайдаланылатын жеке деректер.** Егер сіз осындай мүмкіндіктер бар қызметтерді немесе байланыстарды дербестендіруді таңдасаңыз, Apple компаниясы біз жинайтын ақпаратты пайдаланады, сонда біз сізге сол дербестендірілген қызметтерді немесе байланыстарды ұсына аламыз. Жеке деректеріңізді пайдалануды сұрайтын қызметті алғаш рет пайдаланған кезде,

ұсынылған құпиялық туралы ақпаратты қарап шығу арқылы тиісті қызметтердің тәжірибеңізді дербестендіру үшін ақпаратты қалай пайдаланатыны туралы көбірек біле аласыз. Бұл ақпаратты табу оңай болуы үшін, оны «Деректер және құпиялық» белгішесімен белгіледік; оны кез келген уақытта Apple құрылғысынан немесе apple.com/legal/privacy/data/kz бетінен онлайн оқуға болады.

- **Заң талаптарын орындау.** Қолданыстағы заң талаптарын орындау, мысалы, салық төлеу немесе есеп беру міндеттерін немесе үкіметтің заңды сұрауының талаптарын орындау.

Apple адамның тексеру мүмкіндігінсіз сізге айтарлықтай әсер етуі мүмкін қандай да бір шешім қабылдау үшін алгоритмдерді немесе профайлдау жүйесін пайдаланбайды. Сонымен қатар Apple құпия жеке деректерді пайдаланушы Калифорния штатының заңына сәйкес өңдеуді шектеуге құқығын жүзеге асыруы қажет болатын мақсаттарда пайдаланбайды немесе жария етпейді.

Apple жеке деректерді тек ол жиналған мақсаттарды орындау үшін қажетті мерзімде, соның ішінде осы Құпиялық саясатында немесе біздің қызметке қатысты құпиялық ескертулерінде сипатталғандай немесе заң бойынша талап етілген мерзім бойы сақтаймыз. Жеке деректерді осы Құпиялық саясатында және қызметке қатысты құпиялық ескертпелерінде көрсетілген мақсаттарды орындау үшін қажет мерзімге сақтаймыз. Сақтау мерзімдерін бағалау кезінде біз алдымен жиналған жеке деректерді сақтаудың қажет немесе қажет еместігін тексереміз және сақтау қажеттігін болса, жеке деректерді заң аясында рұқсат етілген мүмкіндігінше қысқа мерзім бойы сақтауға әрекет етеміз.

Apple корпорациясының жеке деректерді бөлісуі

Apple жеке деректерді **Apple аффилияциялаған компаниялармен, біздің атымыздан әрекет ететін қызмет провайдерлерімен, серіктестерімізбен, әзірлеушілермен және жариялаушылармен** немесе нұсқауыңыз бойынша **басқалармен** бөлісе алады. Оған қоса, Apple жеке деректерді үшінші тараптармен өзінің жеке маркетингтік мақсаттары үшін бөліспейді.

- **Қызмет көрсетушілер.** Біздің қызметтерді пайдалануға және тұтынушыларға өнімдерді жеткізуге байланысты Apple үшінші тараптарды біздің қызмет көрсетуші ретінде әрекет ету және біздің атымыздан деректерді, соның ішінде жеке деректерді өңдеу немесе сақтау сияқты белгілі бір тапсырмаларды орындау үшін қатыстырады. Apple қызмет көрсетушілері жеке деректерді осы Құпиялық саясатына сай және біздің нұсқауларымызға сай өңдеуге міндеттенеді. Олар біз бөлісетін жеке деректерді өз мақсаттары үшін пайдалана алмайды және сұрауымызды орындағаннан кейін жеке деректерді жоюы немесе қайтаруы керек.
- **Серіктестер.** Кейде Apple қызметтерді немесе басқа ұсыныстарды қамтамасыз ету үшін үшінші тараптармен серіктесуі мүмкін. Мысалы, Apple Card және Apple Cash сияқты Apple қаржылық ұсыныстарын Apple және біздің серіктестер ұсынады. Apple өзінің серіктестерінен сіздің жеке деректеріңізді қорғауды талап етеді.
- **Сіз жазылымды алатын әзірлеушілер мен жариялаушылар.** Үшінші тарап жазылымын App Store дүкенінен немесе Apple News қызметінен сатып алсаңыз, сізге және әзірлеушіге немесе жариялаушыға бірегей болатын Subscriber ID идентификаторын жасаймыз. Subscriber ID идентификаторын есептерді әзірлеушіге немесе жариялаушыға беру үшін пайдалануға болады, ол сіз сатып алған жазылым мен тұратын еліңіз туралы ақпаратты қамтиды. Егер сіз белгілі бір әзірлеушінің немесе жариялаушының барлық жазылымдарынан бас тартып, оларға қайта жазылымынан, Subscriber ID идентификаторы 180 күннен кейін бастапқы қалпына келтіріледі. Осы ақпарат әзірлеушілерге немесе жариялаушыларға жазылымдардың өнімділігін түсінуі үшін беріледі.
- **Басқа.** Apple жеке деректерді басқалармен сіздің нұсқауыңызбен немесе аккаунтыңызды белсендіру үшін байланыс операторыңызбен ақпаратты бөліскен кезіміз сияқты сіздің келісіміңізбен бөлісуі

мүмкін. Егер жария етуді ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау немесе өзге қоғамдық маңызы бар мәселелердің мақсаттарында қажет немесе тиісті деп танысақ, біз сіз туралы мәліметтерді жария ете аламыз. Сіз туралы ақпаратты жариялауға заңды негіз болған жағдайда, біз жариялау біздің шарттарымыз бен талаптарымыздың орындалуын қамтамасыз етуге немесе біздің жұмыстарымызды немесе пайдаланушыларды қорғауға немесе қайта ұйымдастыру, біріктіру немесе сату жағдайында қажет екенін анықтаған жағдайда жариялаймыз.

Apple жеке деректеріңізді Невада және Калифорния штаттарында анықталған «сату» мағынасында сатпайды. Apple жеке деректеріңізді Калифорния штатында анықталған терминнің мағынасында «бөліспейді».

Apple корпорациясындағы жеке деректерді қорғау

Apple корпорациясында жоғары құпиялық деңгейі жоғары қауіпсіздік деңгейіне байланысты деп есептейміз. Жеке деректердің түрін және өңдеу мен төнген қауіптерді ескере отырып жеке деректеріңізді қорғау үшін біз әкімшілік, техникалық және физикалық қауіпсіздік шараларын пайдаланамыз. Біз сіздің жеке деректеріңізді қауіпсіз сақтауға көмектесу үшін осы қауіпсіздік шараларын үнемі жақсартып отырамыз. Толығырақ ақпаратты [Apple платформасының қауіпсіздігі](#) нұсқаулығымыздан қараңыз.

Балалар мен жеке деректер

Apple корпорациясы балалардың жеке деректерін қорғаудың маңыздылығын түсінеді, біз оларды **13 жасқа толмаған жеке тұлға немесе сіздің юрисдикцияңызда заңмен белгіленген балама жас деп санаймыз**. Осы себепті балалардың жеке деректерін қауіпсіз сақтау үшін Apple қосымша процестер мен қорғау шараларын ендірді.

Белгілі бір Apple қызметтеріне қол жеткізу үшін балаңызда Apple ID болуы керек. Баланың Apple ID идентификаторын **ата-анасы** және Басқарылатын Apple идентификаторын **баланың оқу орны жасай алады**.

- **Ата-аналар.** Бала аккаунтын жасау үшін ата-ана [Балаларға арналған Отбасы құпиялығын жария ету](#) бөлімін қарауы керек, мұнда Apple балалардың жеке деректерін қалай пайдаланатыны сипатталады. Олар келіссе, ата-ана Apple корпорациясына расталатын ата-аналық келісім беруі керек.
- **Білім беру мекемелері.** Apple School Manager бағдарламасына қатысатын білім беру ұйымдары студенттерге «басқарылатын Apple ID идентификаторлары» деп аталатын Apple ID идентификаторларын да жасай алады. Бұл мектептер [Студенттерге арналған басқарылатын Apple идентификаторлары](#) шарттарына келіседі, ол Apple Мектеп басқарушысымен келісімнің А келісімі ретінде берілген.

Егер баланың жеке деректері тиісті рұқсатсыз жиналғанын білсек, олар дереу жойылады.

Баланың ақпаратына қатысты құпиялық құқықтарын жүзеге асыру үшін Apple Деректер және құпиялық бетіне privacy.apple.com мекенжайы бойынша өтіп, олардың аккаунтына кіріңіз.

Cookie файлдары және басқа технологиялар

Apple веб-сайттары, онлайн қызметтері, интерактив қолданбалары және жарнамалары **"cookie" файлдарын және басқа технологияларды**, мысалы, веб-маяктарды пайдалануы мүмкін. **Бұл технологиялар пайдаланушының мінез-құлқын, соның ішінде қауіпсіздік және алаяқтықтың**

алдын алу мақсаттарын жете түсінуге, адамдар кірген веб-сайттар бөліктерін айқындауға және жарнамалар мен веб-іздеудің тиімділігіне қолдау көрсету мен анықтауға көмектеседі.

- **Байланыстардың Cookie файлдары.** Бұл cookie файлдары Apple жүйелеріне және олардан желі трафикасын қамтамасыз ету, соның ішінде қандай да бір қателерді анықтауымызға көмектесу үшін пайдаланылады.
- **Аса қажетті cookie файлдары.** Бұл cookie файлдары сіз қол жеткізген немесе сұраған нақты бір функцияны немесе қызметті қамтамасыз ету үшін міндетті деп белгіленген. Мысалы, олар веб-сайттарымызды дұрыс пішім мен тілде көрсетуімізге, транзакцияларыңыздың түпнұсқалығын тексеруге және растауға және apple.com торабында дүкен аралау кезінде себетіңіздің ішіндегілерді сақтауымызға мүмкіндік береді.
- **Басқа cookie файлдары.** Бұл cookie файлдары кірушілердің веб-сайтымызбен және онлайн қызметтерімізбен өзара әрекеттесу жолын түсіну үшін пайдаланылады, соның ішінде жарнамалар мен Интернетте іздеулердің тиімділігін бағалауымызға көмектеседі. Apple бұл cookie файлдарын шолу кезінде жасаған таңдауларыңызды есте сақтау үшін пайдаланады, сонда сізді арнайы бейімделген тәжірибемен қамтамасыз ете аламыз.

Apple корпорациясы cookie файлдарын пайдаланбасын десеңіз, біз сізге олардың қолданысын өшіру жолын береміз. Cookie файлдарын өшіргіңіз келсе және Safari веб-браузерін пайдаланып отырсаңыз, Safari браузерінің құпиялық параметрлері терезесінде «Барлық cookie файлын блоктау» опциясын таңдаңыз. Басқа браузерді пайдаланып отырсаңыз, cookie файлдарын ажырату жолын провайдеріңізден сұраңыз. Барлық cookie файлы ажыратылған жағдайда, Apple веб-сайтының кейбір функциялары қолданылмауы мүмкін.

Cookie файлдарына қоса, Apple ұқсас мақсаттарға қол жеткізуімізге көмектесетін басқа технологияларды пайдаланады.

Apple сізге жіберетін кейбір электрондық хаттарында біз сізді Apple веб-сайтындағы мазмұнға өткізетін «click-through URL» сілтемесін береміз. Сіз осы URL мекенжайларының біреуін басқан кезіңізде, олар веб-торабымыздағы тағайындалған бетті ашпастан бұрын бөлек веб-серверден өтеді. Бұл басып өтуді нақты тақырыптарға қызығушылықты анықтауымызға және сізбен тиімді байланыста екенімізді өлшеуге көмектесу үшін бақылаймыз. Егер осы жолмен бақыланғыңыз келмесе, электрондық хаттардағы графикалық немесе мәтіндік сілтемелерді баспауыңыз керек.

Apple осы cookie файлдары мен ұқсас технологияларды пайдаланып жинаған деректерімізді жеке емес деректер ретінде өңдейді. Дегенмен жергілікті заңнаманың Интернет протоколы (IP) мекенжайларын немесе ұқсас идентификаторларды жеке деректер қатарына жатқызу шегінде біз осы идентификаторларды сол аймақтардағы жеке деректер деп есептейміз. Оған қоса, Apple кейде осы технологиялардан жиналған жеке емес деректерді Apple ұстайтын басқа жеке деректермен біріктіреді. Біз деректерді осы жолмен біріктіргенде, біз біріктірілген деректерді осы Құпиялық саясатының мақсаттары үшін жеке деректер ретінде өңдейміз.

Apple жарнама платформасындағы жарнамалар аймаққа байланысты App Store, Apple News, Stocks және Apple TV қолданбаларында шығуы мүмкін. Apple компаниясының жарнама платформасы сізді қадағаламайды, яғни ол біздің қолданбалардан жиналған пайдаланушы немесе құрылғы деректерін мақсатты жарнамалау немесе жарнаманы өлшеу мақсатымен үшінші тараптардан жиналған пайдаланушы немесе құрылғы деректерімен байланыстырмайды және пайдаланушы немесе құрылғы деректерін деректер брокерлерімен бөліспейді.

Егер сол қолданбаларда Apple жарнама платформасынан қызығушылықтарыңызға бағытталған жарнамаларды алғыңыз келмесе, пайдаланылатын құрылғыға қарамастан Apple ID идентификаторыңызды осындай жарнамаларды алудан шығаратын Personalized Ads функциясын

өшіруді таңдауыңызға болады. iOS, iPadOS немесе visionOS құрылғысында "Параметрлер > Құпиялық және қауіпсіздік > Apple жарнамасы" тармағына өтіп, Жекелендірілген жарнамаларды өшіре аласыз. Mac құрылғыңызда "Жекелендірілген жарнамалар" функциясын "Жүйе параметрері > Құпиялық және қауіпсіздік > Apple жарнамасы" тармағына өтіп, "Жекелендірілген жарнамалар" параметрінен таңдауды алып тастау арқылы ажыратуыңызға болады. Сонда да іздеу сұрауы немесе оқылған арна сияқты контекст негізінде App Store, Apple News немесе Stocks қызметіндегі жарнамаларды көруіңіз мүмкін. Қолданбалардың бақылауды сұрауына рұқсат ету функциясын өшірсеңіз, үшінші тарап қолданбалары сізді басқа компаниялардың қолданбалары мен веб-сайттарында бақылау үшін Жарнама идентификаторын, яғни құрылғыңыздағы операциялық жүйе қызмет көрсететін жеке емес идентификаторды сұрай алмайды.

Apple ұсынатын жарнама мен құпиялық туралы ақпарат алу үшін apple.com/legal/privacy/data/kz/apple-advertising бетіне өтіңіз.

Жеке деректерді елдер арасында тасымалдау

Apple өнімдері мен ұсыныстары сізді әлеммен байланыстырады. Мұны жүзеге асыру үшін **өнімдеріміз бен қызметтерімізді пайдалануға байланысты осы Құпиялық саясатында сипатталған өңдеу әрекеттерін орындау үшін** Apple корпорациясының еншілес компанияларын қоса алғанда, дүние жүзіндегі ұйымдар жеке деректеріңізді алуы немесе пайдалануы мүмкін. Apple деректеріңіздің кез келген жерде қорғалуын қамтамасыз етуге көмектесу үшін елдер арасында жеке деректерді тасымалдау бойынша заңдардың талаптарын орындайды.

Жеке деректеріңізді басқаратын Apple заңды тұлғасы тұратын жеріңізге байланысты басқаша болуы мүмкін. Мысалы, Apple Store ақпаратын әр елдегі жеке бөлшек сауда ұйымдары басқарады және Apple Media қызметтеріне қатысты жеке деректерді қызмет көрсету шарттарында көрсетілген әртүрлі Apple компаниялары басқара алады. Егер сіз АҚШ-та тұрмасаңыз, жеке деректеріңізді Apple Inc және Apple корпорациясымен үлестес басқа компаниялар сіздің юрисдикцияңызға қатысты жеке деректерді бақылайтын Apple ұйымының атынан өңдей алады. Мысалы, Apple корпорациясының Apple Maps қызметін жақсарту үшін және Look Around қызметін қолдау үшін дүние жүзі бойынша жинаған визуалды және қатысты деректері Apple Inc. корпорациясының Калифорниядағы кеңсесіне жіберіледі.

Еуропа экономикалық аймағындағы, Ұлыбританиядағы және Швейцариядағы адамдарға қатысты жеке деректерді Ирландиядағы Apple Distribution International Limited компаниясы басқарады. Apple корпорациясының Еуропалық экономикалық аймақта, Біріккен корольдікте және Швейцарияда жиналған жеке деректердің халықаралық тасымалдануын **Стандартты келісім-шарт баптары** реттейді. Егер сұрақтарыңыз болса немесе Apple Стандартты келісім-шарт баптарының көшірмесін алғыңыз келсе, бізге apple.com/legal/privacy/contact бетінде хабарласа аласыз.

Жеке деректерді жинаушы: **Apple не Apple аффилияциялайтын компания** worldwide is generally stored by Apple Inc. in the United States. Жеке деректеріңіз қайда сақталатынына қарамастан, Apple қорғау және сақтау шараларын бірдей жоғары деңгейде жүргізеді. Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығына (АПЕС) қатысушы елдерде жиналған жеке деректерді Apple корпорациясының халықаралық деңгейде тасымалдауын **АПЕС шекаралық құпиялық ережелері (CBPR) жүйесі** және жеке деректерді тасымалдауға қатысты **Өңдеушілерге арналған құпиялықты анықтау (PRP) жүйесі** шарттарына сәйкес жүзеге асырады. Осы Құпиялық саясаты күні АПЕС CBPR жүйелеріне қатысушы елдерге АҚШ, Австралия, Канада, Қытайлық Тайбэй, Жапония, Мексика, Филиппин, Корея Республикасы және Сингапур жатады. Егер сізде біздің АПЕС CBPR немесе PRP куәліктеріміз туралы сұрақтарыңыз немесе шешілмеген мәселелеріңіз болса, біздің **үшінші тараптармен дауларды шешу провайдерімізге** хабарласыңыз.

Қытай Халық Республикасындағы жеке тұлғаларға қатысты жеке деректерді Apple Қытай Халық Республикасынан тыс елдерде өңдей алады, мысалы, АҚШ-тағы Apple Inc. немесе Ирландия Республикасындағы Apple Distribution International Limited компаниясында. Мұндай жағдай орын алғанда, ол жергілікті заңдарға, соның ішінде «Жеке ақпаратты қорғау туралы» заңға сәйкес орындалады. Осы Құпиялық саясатында көрсетілген өңдеу мақсаттары үшін Apple мұндай жеке деректерді үшінші тарап қызмет жеткізушілеріне бере алады, олар өз кезегінде деректерді Қытай Халық Республикасынан тыс жерде сақтай алады немесе тасымалдай алады. Толығырақ ақпарат алу үшін [Материктік Қытайдағы құпиялық туралы ақпаратты жария ету](#) бөліміне өтіңіз.

Біздің жалпы компания бойынша құпиялықты сақтау жөніндегі міндеттеміз

Жеке деректеріңіздің қорғалуын қамтамасыз ету үшін біз құпиялық және қауіпсіздік ережелерін Apple қызметкерлеріне жеткізіп отырамыз және компания ішінде құпиялық жөніндегі сақтық шараларын қамтамасыз етеміз.

Құпиялық бойынша сұрақтар

Егер сізде Apple Құпиялық саясаты немесе құпиялық тәжірибесі, соның ішінде үшінші тараптық қызмет провайдері біздің атымыздан қай салада әрекет ететіні туралы сұрақтарыңыз болса немесе Деректерді қорғау жөніндегі қызметкерімізге хабарласқыңыз келсе, бізге apple.com/legal/privacy/contact бетінде хабарласыңыз немесе еліңізге не аймағыңызға сәйкес [Apple Қолдау қызметі нөміріне](#) қоңырау шалыңыз. Сондай-ақ құпиялыққа қатысты шағым жіберу жолына қатысты сұрақтар да сұрай аласыз, ал біз көмектесуге тырысамыз.

Apple сіздің құпиялық сұрақтарыңызбен шындап айналысады. Арнайы топ сұрағыңызға немесе мәселеңізге дұрыс жауап беру жолын анықтау үшін сұрауыңызды, соның ішінде қол жеткізу немесе жүктеп алу сұрауына жауап ретінде алынған сұрауларды қарап шығады. Көп жағдайда барлық маңызды контакт жауапты жеті күн ішінде алады. Басқа жағдайларда біз қосымша ақпарат сұрауымыз мүмкін немесе жауап беру үшін бізге көбірек уақыт қажет болатынын сізге ескертеміз.

Шағымыңызда құпиялық мәселелерін қарауымыз бойынша жақсарту қажет тұстар болған жағдайда, келесі қолайлы мүмкіндік туған кезде осындай жаңартуды енгізу бойынша шараларды қолға аламыз. Құпиялық мәселесі сізге немесе басқа тұлғаға жағымсыз әсер еткен жағдайда, бұны сізбен немесе басқа тұлғамен шешу бойынша тиісті шараларды қолға аламыз.

Сіз кез келген уақытта, соның ішінде Apple корпорациясының жауабына қанағаттанбаған жағдайда, тиісті реттеуші органға шағым түсіре аласыз. Егер бізден сұрасаңыз, біз жағдайыңызға қолданылуы мүмкін тиісті шағым түсіру орындары туралы ақпарат беруге барынша тырысамыз.

Осы Құпиялық саясатына елеулі өзгеріс енгізілген кезде, біз осы веб-сайтта өзгерту енгізбей тұрып кемінде бір апта бұрын ескерту жариялаймыз және файлда деректеріңіз болған жағдайда өзгерту туралы сізге тікелей хабарласып айтамыз.

[АПЕС СВРР сертификатымызды көру >](#)

[АПЕС РРР сертификатымызды көру >](#)